



Жалағаш жаршысы



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мақсатымыз — баршаға тең мүмкіндік ұсынатын, өркендеу жолындағы Әділетті Қазақстанның іргесін қалау

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республика күніне арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі

Қымбатты отандастар! Қадірлі қауым!
Еліміздің ең басты мерекесі – Республика күні құтты болсын! Ұлттық мейрам қарсаңында дәстүрге сай Ақорда төрінде мемлекетіміздің үздік азаматтарымен бірге жиналып отырмыз. Биыл еліміз азаттықтың мерейлі белесіне жетті. Осыдан 35 жыл бұрын Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Дәл осы күні сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүріміз қайта жаңғырды. Көп ұзамай жұртымыз Тәуелсіздік байрағын көтерді. Тарихи әділдік орнап, ұлттың рухы асқақтады. Сондықтан бұл күнді халқымыздың дербес ел болуына жол ашқан қастерлі күн деуге болады.

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат құндылығымыз. Оны сақтап, нығайта түсу – баршамызға ортақ қасиетті борыш. Егемендік – ата-бабаларымыздың ұлт мүддесі жолындағы өшпес ерлігінің айқын көрінісі. Заңғар ойшыл Әбіш Кекілбаев «Өткеннен тағылым, ертеңнен үміт іздегендер ғана ілгері баса алады» деген. Біз әр кезеңде ұлт тарихында өшпес із қалдырған барлық мемлекет және қоғам қайраткерлеріне құрмет көрсетеміз, оларды ешқашан ұмытпаймыз. Сонымен бірге келешекке үлкен үмітпен, зор сеніммен қараймыз, биік мақсаттарға ұмтыламыз.

Осы жылдарда еліміздің бағындырған белестері анық. Біз жер жүзіне егемен мемлекет ретінде танылды. Шекарамызды шегендеп, іргемізді бекип, қауіпсіздігімізді қамтамасыз еттік. Бірлігімізді бекемдеп, татулық пен тұрақтылықтың арқасында түрлі сынақтардан сүрінбей өттік. Бүгінде жанаң жұрты еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына кәу болып, өз құрметін көрсетуде.

Алайда кемшіліксіз, мінсіз жұмыс болмайтыны анық. Біз өткеннен сабақ алып, өшкімге жалтақтамай, өз жолымызбен жүріп келеміз. Соңғы жылдары халықтың әл-ауқатын арттыру үшін аса маңызды қадамдар жасалды. 2019 жылы ауқымды реформалар қолға алынды. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу жолына түсті. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, Үкіметтің жауапкершілігі артты. Конституциялық сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты конституциялық мәртебеге ие болды. Биыл шілде айынан бастап Кассациялық сот жүйесі іске қосылды, бұл қоғамымызда әділеттілікті күшейтуге жағдай жасады.



Әділетті Қазақстанды құру жолында басқа да нақты шаралар қолға алынды. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға белсенді түрде араласа бастады. Ауыл, аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері тікелей сайланатын болды. Ауыл әкімдерінің барлығы, ал аудан әкімдерінің 25 пайызы жаңарды. Осылайша, билік жүйесі айтарлықтай өзгерді. Елімізде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Ашығын айтсақ, осы аймақтағы билік жүйесінде мұндай ауқымды өзгеріс ешқашан болмаған.

Біз бір ел болып саяси реформаны табысты іске асырып жатырмыз. соның нәтижесі ретінде қоғамда түбегейлі жаңғыру үдерісі басталды. Реформаларымызды жүзеге асыруға барша адамзат үшін аса қиын, күрделі кезеңде кірсік. Пандемия, алпауыт елдердің санкциялық текетіресі, қалыптасқан сауда жолдарының бұзылуы, түрлі қақтығыстар мен соғыстар әлем елдерінің дамуына орасан зор шығын келтірді. Бұл жағдайлар Қазақстанға да салқынын тигізді. Дегенмен біз қажетті шараларды дер кезінде қабылдадық.

Экономикамыздың әлеуетін сақтай отырып, оны тың серпінмен дамыта түстік. 2019 жылдан бері экономикамыз 16 пайызға өсті, биыл осы көрсеткіш шамамен 137 триллион теңге, яғни 291 миллиард доллар болады деп күтілуде, бұдан да асуы мүмкін. Бұл Қазақстанның біздің аймақтағы ең үлкен экономика екенін көрсетеді. Жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім 47 пайызға артып, 14 400 долларға жетті. Бұл – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіштің бірі. Қазақстанның алтын-валютта резервінің көлемі 58 миллиард долларға жетті. Жеті жылда сыртқы сауда айналымы 83 пайызға артып, бүгінде 142 миллиард доллар болды.

Біз ұлттық экономиканы түбегейлі жаңғырту үшін әртарапандыруға баса мән беріп отырмыз. Әсіресе, кәсіп-тасымал саласын стратегиялық маңызды бағыт ретінде дамытып жатырмыз. Қазақстан Еуразияның басты логистика орталығы, яғни хабы болуы керек. Оған еліміздің әлеуеті жетеді, мүмкіндігіміз де мол. Өткен айда «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылды. Бұл – егемендік кезеңінде салынған ең ірі теміржол құрылысы.

Сондай-ақ биыл 13 мың шақырым автокөлік жолы салынып, жөнделді. Қытай арқылы ауқымды жүк тасымалдау мүмкіндігіне ие болдық. Қазіргі халықаралық нарықтағы тұрақсыз ахуалды ескерсек, мұны үлкен жетістік деп айтуға болады.

Әуе қатынасы саласындағы табыстарымыз да аз емес. Биыл 36 жаңа әуе рейсі ашылды, олардың ішінде Азия мен Еуропаның ірі қалалары бар. Бірақ бұл жүйені одан әрі дамытуымыз керек. Оның үстіне әуе жолдары арқылы жүк тасымалдау жүйесін де (карго) нығайтуымыз қажет.

Елімізде өндіріс те дамып келеді. Бұл саланың өсімі жыл басынан бері 7,5 пайызға жетті. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 40 пайызға жақындады. Кәсіпкерлер еліміздегі еңбекке қабілетті азаматтардың жартысына жуығын жұмыспен қамтып отыр. Құрылыс саласы қарқынды дамып жатыр. Былтыр Қазақстанда 19 миллион шаршы метрге жауып тұрғын үй салынды. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы ең жоғары көрсеткіш, нәтижесінде мыңдаған отбасы баспаналы болды. Ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 2,5 есе өсті. Биыл да қамбасыз астыққа толды, 20 миллион тоннадан астам бидай жиналды. Қазақстанның экспорттық әлеуеті артуда, сауда серіктесі ретіндегі беделі нығаюда.

Қазақстан – Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет. Сондықтан біз осы жауапты, құрметті миссияны міндетті түрде орындаймыз. Әлеуметтік стратегиямыз тиімді, әділетті болуы керек.

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Бұл өскелең ұрпақ үшін жасалған үлкен қадам. Біз озық ойлы ұлт болуымыз керек. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін, ең алдымен, білім-ғылымды дамыту қажет. Сондықтан бес жылда білім беру саласына бөлінетін қаржыны үш есе арттырдық. Ұстаздардың жаалақысын екі есе ұлғайттық. Қазіргі таңда қоғамымызда мұғалім мамандығының мәртебесі анағұрлым көтерілді. 1200 жаңа мектеп аштық. Соның ішінде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында көптеген білім ордасы бой көтерді. Ұлттық ғылымды қолдауға да мән беріп отырмыз. Бұл салаға салынған қаражат бес жылда 5 есе өсті. Шетелдің 33 беделді университеттерінің филиалы ашылды.

Жалағасы 2-бетте

Құттықтау

Құрметті жерлестер!
Сіздерді 25 қазан – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Бұл күн – еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуының бастауы, халқымыздың тарихи таңдауын білдіретін маңызды күн. Бүгінде Тәуелсіз Қазақстан әлемдік аренада беделі бар, дамыған мемлекет ретінде қалыптасты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде көшпенді реформалар жүзеге асуда. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында ел дамуының жаңа кезеңі басталды. Жаңғыру мен жаңаруға бағытталған саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістер ел болашағына сенімді арттырып отыр.

Еліміз өркендеп, дамуының жаңа кезеңіне қадам басуда. Соның ішінде Үкіметтің ерекше қолдауымен облыс әкімінің бастамасымен аймақта ауқымды жобалар жүзеге асуда. Қызылорда қаласының келбеті күн санап жаңарып, аудан мен ауылдарда инфрақұрылым, жол құрылысы, әлеуметтік нысандар бой көтеруде.

Облыс әкімінің қолдауымен ауданымызда да жаңа әлеуметтік, мәдениет, спорт және денсаулық сақтау нысандары пайдалануға берілуде. Сонымен қатар кент пен ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту, ауылдарды газдандыру бағытында да бірқатар ауқымды жұмыс жүзеге асуда. Бұл – егемен еліміздің тұрақты дамуы мен тәуелсіз Қазақстанның жеткен жетістіктерінің жемісі.

Республика күні – елдік пен бірліктің, тұтастық пен тұрақтылықтың нышаны. Осы ұлық мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Тәуелсіздігіміз туғырлы, бірлігіміз берік, болашағымыз жарқын болсын!

**Құрметпен,
Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі**

Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді еліміздің ұлық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тарихқа көз жүгіртсек, 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болды. Азат ел болудың, бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын бұл күн – қазақ халқының мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы. Бұл күн – ата-бабаларымыз аңсаған арманының жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған күн.


Тарих беттерін парақтасақ, Арқадан Алатауға, Атыраудан Алтайға дейін созылып жатқан қазақ даласы аса ауыр кезеңдерді бастан өткергенін білеміз. Ата-балаларымыздың сан ғасырлар жүріп өткен жолы тарих тағдырдың қазақ халқына берген сынақтары іспетті. Осындай сынақтарды қазақ халқы ауызбіршіліктің, ымыраның, үлкен ерліктің арқасында өңсерді. Тәуелсіздікті аңсаған қазақ жұртының арманы 1991 жылы орындалды. Өлем тарихында тұңғыш тәуелсіз Қазақстан республикасы пайда болды.

Баянды болашаққа бет алған Қазақстан Республикасы – ортақ үйіміз! Бір шаңырақ астында ғұмыр кешкен қазақ халқы елдегі тыныштық пен тұрақтылықтың қадірін біліп, туған жеріміздің көркейіп, гүлденуі үшін еңбек етіп келеді. Бүгінге дейін бағындырған белес – сол үлкен еңбектің жемісі. Байыптап қарасақ, дәуіріміздің шежірелі жылдарында бізді үлкен жетістікке жеткізген ұлы күш – елдің бекем бірлігі.

Алдағы уақытта да нақты мақсатпен нәтижелі еңбек еткен жалағаштықтар бірлікті ту етіп, ауызбіршіліктің үлгісін көрсетеді деп сенемін. Бұл мерекенің маңызы ерекше.

Республика күні мерекесі құтты болсын!
Баршаңыздың отбастарыңызға амандық, елімізге тыныштық, береке мен бірлік тілеймін!

**Өмірзақ ЕЛЕУСІНОВ,
Жалағаш аудандық
мәслихатының төрағасы**



Кітапхана жұмысы жүйелі

Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Осы заманның ақпарат тасымалдаушы технология жүйесінде де оның маңызы жоғары. Рухани орда – бір жағынан ақпараттық білім беру және мәдени-ағарту қызметінің негізі. Шындығында, кітаптарда жинақталған адамзат жадының алтын қоры, ал кітапханашылар сол теңдесіз қазынаның шырақшысы іспетті. Мереке қарсаңында аудандағы орталық кітапхананың бүгінгі тынысымен танысу үшін арнайы барғанбыз. Оқырман залындағы жастарды байқап бір қуандық. Олардың қандай туындыларға қызығушылығы басым екені тағы қызық болды, біразымен сұхбат та құрдық. Мұнан кейін кітапхана басшысы Ұлмекен Мұңдыбаеваны, өзі басшылық ететін ұжымды төл мерекесімен құттықтап, кітапхана ісіне қатысты бірқатар сауалымызға жауап алдық.

Ауданда 18 мемлекеттік кітапхана бар. Оның 15-і ауылдағы ағайынның игілігіне жарап тұр. Қазіргі таңда кітапхананың кітап қоры – 377 796, 14 234 оқырманы тағы бар. Сан ғасырлар бойы адамзатты білім нәрімен сусындатып келген рухани қазынаның ордасы оқырманға жаңа дәуірде, жаңа дәстүрде қызмет етуде. Кітапханашылар өздерінің жұмыста жаңа ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланып, қызмет көрсетуде.

– Ертеңі бар елдің жастарын өркениет әлеміне жол көрсету, мәдениет көшпен қалдырмай, болашаққа тәрбиелі, білімді ұрпақ қалдыру ісіне жағдай жасап, ықпал ету – әр кітапханашының алға қойған мақсаты мен мүддесі. «XXI ғасыр – мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры» десек, оның ішінде кітапхана қызметкерлерінің орны ерекше. Себебі бүгінде білімнің бар қайнар көзі – кітапхана. Өйткені ақпарат кеңістігі мен мүм-

кіндігі қандай шексіз болса, кітап қорын пайдаланушылардың оған мұқтаждығы, сұранысы да зор, – дейді Ұлмекен Мұңдыбаева.

Сыртынан қараған адамға кітапханашының міндеті келген оқырманға кітаптарын беріп, құжатын толтырып, қолын қойдырып алуды шектелетін сыңайлы. Алайда оқырман тарту деген дүниеге де олардың бас қатыратынын көбісі біле бермейді. Шындығында, мұның бәрі кім үшін, кітапханашы үшін бе, олай емес, мұның бәрі болашақ үшін, мемлекеттің жарқын болашағы үшін. Бәсекеге қабілетті ұрпақ мемлекет болашағын жарқын етеді дейміз. Ал сол ұрпақ оқуға зейін қоймай қалай қалыптасады? Міне, осы сауалға бас қатырсақ, кітапханашының жұмысы қандай күрделі екенін түсіне қоясыз. Бірақ сөз басында айтқанындай, олар мұның бәрін өзі үшін емес, келешек үшін жасайды.

Осы салада тәжірибесі жоғары Ұлмекен апайымыз бүгінгі кітапхана қызметін пайдаланушылардың интеллектуалдық деңгейі мен сұранысы күрделі нәзік мазмұны да өзгергенін айтады. Сондықтан олардың қажетті талап-тілектерін орындау, жаңа ақпарат көздерін дер кезінде ашып, оны кітапхана оқырмандарына жедел хабарлап отыруды олар мінсіз атқаруда. Мұнда әр тоқсан сайын жаңа келіп түскен әдебиеттерге, басқа да оқулықтарға үнемі арнайы ақпараттық бюллетеньдер шығарылады және ашық көрмелер ұйымдастырылады.

Қазіргі уақытта оқырманға кітаптарды электронды нұсқада оқу, аса құнды сирек кітаптар мен өлкетану құжаттарын сақтау үшін кітаптардың электрондық көшірмесін жасау, оған қашықтан пайдалануды қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Жергілікті баспадан шығатын басылымды сандық форматқа көшіру, виртуалды

анықтама, веб-сайт арқылы кітапхана сайтына кіріп, қордағы әдебиеттер мен іс-шараларды қашықтан оқып отыруға мүмкіндік жасалған. Қазіргі заман талабына сай жоғары сұраныстағы құнды кітаптар мен өлкетану әдебиеттерін электронды форматқа көшіру процесі арқылы жұмыс жүргізіліп, кітаптар сандық форматқа көшірілуде. Бүгінде 917 кітап сандық форматқа көшірілген.

Биыл қаңтарда аудандық кітапхана «Руханият» орталығына көшірілді. Жаңа ғимаратта ардагерлермен, аналар, жастармен бірге жұмыс жасауға өте қолайлы жағдай жасалған. Ғимаратта компьютер сыныбы ашылып, 11 компьютер интернет желісіне қосылған.

– «Руханият» орталығында Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын Серік Бөртаевпен сұхбат кеші, «Библио ART» жобасы аясында «Өнерлінің қолы – алтын» атты шеберлік сағаты, Абайдың 180 жылдығына «Абайды оқы, таңырқа» атты интеллектуалды сайыс, «Заң және тәртіп» акциясы аясында ашық есік күні, «Тазалық сақшысы» тақырыбында жұмысшылармен кездесу, Қазақстан халқы Тілдер мерекесіне мемлекеттік қызметшілер арасында «Ұшқыр ой» интеллектуалды сайысы өткізілді. Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар білім, ғылым, өнер мен мәдениеттің

дамуына өлшеусіз үлес қосып, өркениетті елге айналуымыздың негізін қалауда. Эстетикалық талғамы бай, ойы зерек, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдаған, оқырманға білім мен қажетті ақпараттың тиімдісін дөмдеп беріп отырған парасатты кітапханашыларымыз да жоқ емес. Олардың қатарында Ұ. Нұрымбетова, А. Жүнісова, Э. Боранбаева, Г. Әліасқарова, Р. Қалиева, А. Әмзеева, М. Иманалиева, З. Искокова, А. Көшекбай, Г. Ділдебекова бар. Мереке қарсаңында кітапханашыларымыз ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің алғысымен, «Қазақстанның Құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен, Қазақстанның салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының «Еңбек Даңқы» төсбелгісімен, облыс әкімінің алғысымен, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының алғысымен, аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Әріптестерімді кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын, – дейді Ұлмекен Мұңдыбаева.

Олар қандай құрметке де лайық. Өйткені елдің руханиытына дем беруде кітапханашылар аз шаруа атқарған жоқ, әлі де сол жолда табанды еңбектенуде.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

2 ҚОҒАМ

Мақсатымыз – баршаға тең мүмкіндік ұсынатын, өркендеу жолындағы Әділетті Қазақстанның іргесін қалау

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республика күніне арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі

Сондай-ақ ұлт саулығын жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылданды. 2020 жылдан бері медицина саласына бөлінетін қаржы 3 есе артты. 927 медицина нысаны ашылды. Еліміздегі орташа өмір сүру ұзақтығы 75 жастан асты.

Қазақстан қауіпсіз ел болуы керек. Сондықтан «Заң мен тәртіп» қоғамымыздың басты қағидаты саналатын болды. Осы жұмыстың аясында жемқорлыққа қарсы күресті жалғастырып, күшейтеміз, онсыз Әділетті Қазақстан туралы айтудың өзі қисынсыз. Соңғы бес жылда қылмыс саны және көшедегі бұзақылық едәуір азайды, қылмыстық ахуал қатаң бақылауға алынды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғалары азаюда, еліміздің бұл мәселеге қатысты тәжірибесіне шетелдік сарапшылардың ықыласы күшейді. Түптеп келгенде, «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы – еліміздің жарқын болашағын құру үшін аса маңызды тетік.

Елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы азаматтарымыздың, әсіресе, жастардың басым көпшілігінің қолдауына ие болып, табысты жүзеге асырылып жатыр. Былтырдан бері шамамен 2,8 миллион гектар жер тазартылды, 4 миллионнан астам ағаш отырғызылды. Ең бастысы, азаматтарымыздың экологиялық сана-сезімі, бүкіл болмысы өзгере бастады.

Жалпы, барлық салада атқарылған жұмыс өз жемісін беріп жатыр деп айтуға болады. Бірақ біз мұнымен тоқтап қалмаймыз, өзгерістерді міндетті түрде жалғастырамыз.

Был еліміздің мерейі өсіп, рухы көтерілген жыл болды. Азаматтарымыз көптеген салада табысқа жетті, жаһандық жарыстарда топ жарды. Оқушыларымыз түрлі халықаралық білім додасынан мынасын астам медаль иеленді. Үздік спортшыларымыз, соның ішінде боксшылар туымызды биікте желбіретті. Дарынды жастарымыз ұлт өнерін жер жүзіне паш етіп, кеңінен дәріптеп жүр. Жаһан жұрты қазакты рухы биік, көзі ашық, мәдениеті бірегей, зияткер ұлт ретінде таныда. Бұл – жылдар бойы жүргізілген жүйелі және тиімді жұмыстың нәтижесі. Енді осы қарқынды бәсеңдетпей, тек алға қарай қадам басуымыз қажет.

Қазақстанымыз Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Күшті ел болуы керек. Бұл – жалпыұлттық стратегиялық мақсатымыз, барша азаматқа ортақ міндет, қастерлі парыз. Озық ел болу үшін біз өлі талай белесті бағындыруымыз керек. Тұрақтылық пен тыныштықтың қадірін білу қажет. Әсіресе, мұны жастарымызға дұрыс түсіндіріп, оларға бағдар көрсеткен жөн. Еліміздің өртені – ескеңге ұрпақтың қолында. Сондықтан жастарымызды ең алдымен Адал азамат етіп тәрбиелеу қажет. Адал азамат дегеніміз – елің, жерің сыйлайтын, заңға бағынатын, білімге ұмтылатын, ұлттық құндылықтарды қолдайтын және ел бірлігін нығайтуға үлес қосатын азамат. Еліміздің озық болуы осындай отаншыл тәртіпті, білімді, мәдениетті, белсенді және ойы ұшқыр жастарға тікелей байланысты. Өз қабілетіне сенетін, көзі ашық, көкірегі ояу, еті тірі, еңбекқор адамның ешкімге тәуелді болмайтынын жас ұрпақ ұғынып өсуі қажет. Әр азаматымыз өз ісіне тиынақты, ұқыпты және жинақы болса, тұтас мемлекет те табысты болмақ.

Біз бәсекеге қабілетті ұлт болуымыз керек. Бұл – ең алдымен ұлтымыздың сапасы, яғни азаматтарымыз заманауи, озық ойлы, жасампаз болуы қажет деген сөз. Қазіргі аса күрделі, құбылмалы және қарама-қайшылыққа толы заманда озық ел болу оңай шаруа емес. Сол себепті біз батыл шешімдер қабылдап, нық сеніммен жарқын болашаққа қарай жүреміз. Сонда ғана осы уақыт халқымыздың сана-сезімінде үлгі бетбұрыс жасаған тарихи кезең болып қалары анық. Мен бұған көміл сенемін.

Беріміз бір ел болып қолға алған реформалардың түпкі мақсаты – Қазақстанды жаңа жағдайға бейімдеу, сол арқылы еліміздің егемендігін нығайтып, бәсекеге қабілетін арттыру. Мемлекет басшысы ретінде мен жеріміздің тұтастығын, еліміздің дербестігін және экономикалық дамуын қамтамасыз етуім керек. Бұл – менің азаматтық борышым.

Қазір әлем түбегейлі жаңа тарихи кезеңге қадам басты. Бәріміз де мұны көріп-біліп отырсыздар. Бір жағынан, қақтығыстар мен соғыстар азаймай тұр, басқа жағынан, жоғары технологиялар, жасанды интеллект тез дамуда. Осындай күрделі жағдайда еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Барша өлмен достық қатынас орнатып, мемлекетімізді сенімді серіктес ретінде таныттық. Соның арқасында энергетика, көлік, логистика, ақпараттық технология, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларға қомақты инвестиция тартып жатырмыз. Қазіргі алмағайым заманда саликалы дипломатия дәстүріне нәзілдеген сыртқы саясатты ұстану айрықша маңызды. Біз мемлекеттердің бәрі өзара тіл табысып, ортақ мәмілеге келе білгені жөн деп санаймыз. Өзара сенім мен құрметті нығайтып, әріптестік қарым-қатынасты дамыту қажет деп есептейміз. Жақында Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды. Мұны зор жетістік деп айтуға болады.



Мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында негізгі халықаралық мәселелерге баса назар аудардым, бірқатар ұсынысы айттым. Әлемде барлық елдің мүддесі ескерілетін әділ халықаралық қатынастар жүйесін орнату керек. Қазақстан дүние жүзі қауымдастығының жауапты әрі ықпалды мүшесі ретінде алдағы уақытта да теңгерімді әрі сын-дарлы сыртқы саясат жүргізеді.

Құрметті отандастар!

Біз ауқымды жаңғыру кезеңіне қадам бастық. Мақсатымыз – баршаға тең мүмкіндік ұсынатын, өркендеу жолындағы Әділетті Қазақстанның іргесін қалау.

Тауада халыққа арнаған Жолдауымда Парламентті реформалау туралы мәлімдедім. Бұл бастаманы алдын ала жариялауымның өзі еліміздегі саяси үдерістердің ашық жүріп жатқанын көрсетеді. Біліктің заң шығарушы тармағын өзгерту соңғы жылдары жүзеге асырылған жан-жақты жаңғырудың қисынды жалғасы болмақ. Барлық ұсынысымыз Қазақстанның эволюциялық дамуына қатысты азаматтарымыздың мүддесі мен суранысына негізделген. Ал еліміз алға жылжып, дамуы керек. Бұған еш күмән жоқ, болуы да мүмкін емес. Жоспарланған өзгерістер Парламенттің құзыреті мен беделін нығайттеді. Конституцияға енгізілетін өзгертулер Парламентке ғана қатысты емес, сондай-ақ Президент, Үкімет туралы бөлімдерді және саяси жүйенің басқа да қырларын қамтиды. Түзетулердің жалпы көлемін және 2022 жылғы конституциялық реформа аясында жүзеге асқан бастамаларды ескерсек, мұны жаңа Конституцияға қайылтауда барабар іс деуге болады. Әйтсе де Қазақстан Республикасы күшті президенттік билікке арқа сүйеген мемлекет болып қалуға тиіс екенін атап өткім келеді.

Бұл қазіргідей алмағайым заманда еліміздің сенімді келешегіне кепіл болады. Өйткені парламенттік жүйе қауіпсіздік пен тәртіп, тұрақтылық пен даму тұрғысынан өз міндетін толық атқара алмай отыр. Кейбір сарапшылар мен саясаткерсымақтардың ұшқары тұжырымдарына көзсіз еріп, мемлекеттілігімізге қатер төндіруге еш хақымыз жоқ.

Саяси бағдарымыз бен қабылдаған нақты шешімдеріміз ұлтымыздың ұзақ мерзімді мүддесі мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау, елді дамыту қарғидатарын көздеді. Мұны берік ұстанамыз.

Жолдауда бір палаталы Парламентті пропорционалды сайлау жүйесі арқылы жасақтау қажет екенін ашық айттым. Бір палаталы Парламентті тек партиялық тізім бойынша қалыптастыру партиялардың институционалдык негізін нығайтуға септігін тигізеді. Сайлаушылармен жүйелі жұмыс істеуіне ықпал етеді. Яғни мемлекеттілігімізге пайда әкеледі. Бұл ешқандай кері көту немесе демократиялық қағидаттардан бас тарту емес. Ел қамын ойлап, саяс тұрғыдан салмақтап осындай ұйғарымға келдім.

Аймақтық деңгейде азаматтар билікпен тікелей әрі тұрақты қарым-қатынас жасайды. Сондықтан жергілікті мәслихаттар мен әкімдіктер белсенді жұмыс істеп, елдің мұң-мұқтажын көрсетуде маңызды рөл атқаратынын көрсетуге тиіс. Соңғы жылдары тікелей сайлау институтын айтарлықтай кеңейттік. Әуелі ауыл әкімдерін сайлауды енгіздік, кейін ол аудан, содан соң облыстық маңызы бар қала басшыларын сайлауға ұласты. Сол себепті Қазақстанда әй сайын түрлі электоралды науқан жүріп жатыды. Бұл біздің өңірдегі бірегей саяси тәжірибе саналады. Баршамыз осынау істің мақсатқа сай орындалуын бақылап, егер оның жағымсыз салдары болса, шары қабылдау қажет.

Реформалар – табиғи үдеріс, мұнда артық консерватизмге орын жоқ. Жергілікті мәслихаттарды сайлауда мажоритарлық жүйені сақтау керек деп санаймын.

Осы тұста тағы да атап өткім келеді: мемлекеттік маңызы бар кез келген мәселе бойынша шешуші сөзді азаматтарымыз айтуға тиіс. Конституциялық реформа жасалған кезде, сондай-ақ атом станциясын салу мәселесін талқылаған уақытта дәл солай болған. Қазір де солай болмақ. Бұл елімізде жаңа саяси мәдениеттің пайда болғанын көрсетеді, яғни бұл – қоғам көкейінде жүрген аса өзекті мәселелерді шешудің жаңа дәстүрі қалыптасып жатыр деген сөз.

Азаматтар өз Отанының келешегін шынайы алаңдап, оның даму жолында аянбай тер төксе, ұлт шын мәнінде егемен елге айналады. Өзге мемлекеттер де оны солай қабылдайды. Тіпті ол бір қарағанда ұсақ іспен айналысқандай көрінгенімен, шын мәнінде өте маңызды жұмыс атқарса, мысалы, көгалдандырумен, әсір тұрғын аумақты тазалаумен шұғылданса, қал-қадерініе қоғамдық тәртіпті сақталуын қадағаласа, вандализм мен дерексі қылқытарға қарсы тұрса елге пайдасын тигізеді.

Өзіне, отбасына, туған еліне жаны аштыын отандастарымыздың үлкенді-кішілі жетістіктеріне күн сайын кұе болып жүрміз. Олар шынайы патриоттығының арқасында осындай дәрежеге жетіп отыр. Баршаңызға мәлім, жыл сайын азаматтарымыз түрлі салада топ жарады. Бұл халқымыздың жасампаз болмысын паш етеді. Жастарды осындай ізгі амалдар жасауға ынталандырады, ұлттық рухымызды жани түседі.

Higgsfield AI стартапы – бысылғы айтулы жетістіктердің бірі. Оны Қазақстанның алғашқы «сыңармүйіз» стартапы деуге болады. Әдетте жаһандық нарықта бір миллиард долларға немесе одан да қымбатқа бағаланған компанияларды осылай атайды. Бұл бірегей жобаның негізі Astana Hub алаңында қаланған болатын. Мұны математика және физика пәндерінде жасөспірімдер ара-сындағы халықаралық олимпиада жеңімпаздары, дарынды энтузиастар жасады. Осындай мықты азаматтар – еліміздің келешегі. Жас кәсіпкерлер, ғалымдар, инженерлер, IT-мамандар Қазақстанның жаңа элитасын қалыптастыруда. Ал жаңашылдық – ұлттық сипатымыздың маңызды қырына айналды. Демек, мемлекет қолдау көрсетсе, білімді, еңбекқор балаларымыз бен немерелеріміз әлемдік нарықта суранысқа ие жоғары технологиялық өнімдер жасай алады.

Алайда біріл-жарым табысқа тоқмейілсуге болмайды. Сондықтан Үкіметке келешегінен үміт күтіретін отандық стартаптардың нарықта лайықты орнын табуына көмектесетін заманауи, тиімді экзюкүйе құру міндеті жүктелді.

Қазақстан цифрландыру көрсеткіші бойынша дүниежүзілік индекс-терде жоғары орындарды иеленеді. Бұл өріне, қунарлық жағдай. Бірақ, ең бастысы, болдық, толдық деуге болмайды. Әлемдегі ең жоғары талаптарға сай келетін заманауи экономиканы дамыту үшін ғылыми-техникалық проргесті жіті бақылап отыру қажет. Сондықтан біз цифрландыру мен жасанды интеллекттің жан-жақты еңгізуді мемлекет дамуының басым бағыты ретінде белгіледік.

Қазақстанның жаһандық озық үрдістерден кейін қалуына болмайды. Әйтпесе, замана көшіне ілесе алмаймыз. Ал оның салдары ескеңге ұрпаққа тиіі мүмкін.

Жұмыс басталды. Алғашқы ұлттық суперкомпьютер іске қосылды. «Қазақтелеком» базасында тағы бір

суперкомпьютер жұмыс істеп тұр. AI Sana бағдарламасы және астамды Alatau City жобасы қолға алынды. Аталған бағыттағы аса маңызды жұмысты зәңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету шаралары қабылданып жатыр.

Стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды үш жыл ішінде толық цифрлық елге айналдыру. Жасанды интеллект пен цифрлық құралдар елімізді өркендету үшін қызмет етуге тиіс.

Уақыт озырмай, білімге негізделген экономика құруға кірісу қажет. Креатив пен инновация өсімінің арқауы, ал зияткерлік капитал елдің бәсекеге қабілеттілігінің өзегі болуға тиіс.

Жасанды интеллект дәуірінде жаңа салалар мен бизнес түрлері міндетті түрде пайда болады. Бұл ойлы, алғыр жастар үшін нағыз жарқырай көрінетін сәт. Мемлекет пен қоғам жас таланттарды қолдауы керек. Біз мұны міндетті түрде іске асырамыз.

Азаматтарды экономикалық патриотизм рухында тәрбиелеу – аса маңызды міндет. Басқаша айтқанда, кәсіпкерлеріміздің идеялары мен стартаптарына инвестиция құйып, олардың өнімін тұтыну арқылы отандық өндірушілерді қолдаған жөн. Халқымыздың ауызбіршілігі осыдан да көрінеді.

Қазір біздің ұлттық нышандарымыз, яғни брөндтеріміз көбейіп келеді. Ұлттық өнім дегеніміз, бұл – ең алдымен, елімізді бүкіл әлемге паш ету деген сөз. Сондықтан «Made in Qazaqstan» таңбасы сапа мен сенім белгісі болуға тиіс. Біздің тауарларымызға шетел азаматтарының қызығушылығы артып жатыр. Бұл отандық бизнестің өсіп-көрендеп келе жатқанын көрсетеді. Компанияларымыз жаһандық нарыққа шығып, кәсібірн ерістетіп жатыр. Олар Қазақстанды қаркынды дамып келе жатқан озық ел ретінде танытуда. Адал кәсіпкерлерді отаншылдығын нақты іспен көрсетіп жүрген азаматтар деп атаған жөн. Себебі олар табанды еңбекпен көптеген жұмыс орнын ашып, халықтың әл-ауқатын арттыруға мол үлес қосуда. Осындай орта және шағын бизнес өкілдерін қолдау мемлекет саясатының басымдығы болып қала береді.

Соңғы кезде маған жаңа Салық кодексіне қатысты көптеген өтініш келіп тұсті. Мен Премьер-министрге нақты тапсырмамды бердім. Үкімет арнайы салық режімі бойынша жұмыс істейтін кәсіптердің тізімін бұрынғы қалпында қалдырды. Алдағы уақытта шағын және орта кәсіпті қолдау үшін басқа да шаралар қолданылады. Бизнес салық реформасынан зардап шекпеуге тиіс. Ондай жағдайдың алдын алу үшін Үкімет кәсіпкерлермен сындарлы диалог жүргізуді қажет. Дегенмен экономикалық реформаларды мүлде тоқтатуға болмайды, қаншалықты қиын болса да, оң өзгерістерді міндетті түрде жүзеге асыруымыз керек. Әйтпесе, беріміз жаппай құлдырауға ұмтылауымыз өбден мүмкін.

Мемлекет, бизнес және жалпы қоғам күш біріктіргенде ғана Әділетті Қазақстанды құра аламыз. Еліміз еңгесін тіктеді, аяғына нық тұрды. Экономикада оң қарқын байқалады. Халықаралық қаржы институттары тарапынан жоғары несие рейтингін иеленуде. Экономика дамуының негізгі көрсеткіші – халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасының артуы. Бұл – менің берік ұстанымым.

Жалпы, мемлекет түйткілдерді бірітіндеп шешіп келеді. Ең маңыздысы – нәтиже, өзімізді жарнамалау емес. Кез келген азамат білімі мен еңбеккерлығының арқасында қабілет-қарымын көрсетіп, іскерлік, шығармашылық немесе мемлекеттік қызметтегі мансабында табысқа жететін орта, қазір жиі айтылатын экзюкүйе қалыптастыруға құш салып жатырмыз.

Қазақстан талантын, мақсатшыл

жандар тұрақтап қалғысы келетін ел қатарына қосылып келеді. Біздің ең басты байлығымыз – білімді, белсенді адамдар. Мен мұны үнемі айтамын әрі қайталаудан жалықпаймын. Әрбір азамат өзінің табысы мен еңбеккерлығы арқылы еліміздің гүлденуіне өлеулі үлес қосады. Біз тәртіпке бағынатын отандастарымызды шынайы патриот ретінде дәріптеп, мақтан тұтуымыз керек. Өйткені олар ұлтты ұйыстырады, халқымызды кәсіби және рухани тұрғыдан биіктерді бағындыруға жерлендіреді.

Осылайша, біз беріміз Қазақстан азаматтарының жасампаз рухын сыйлауымыз керек. Мұндай игі үрдісті жан-жақты қолдау қажет. Ел мүддесі үшін биік мақсаттарға ұмтылыс ұлттық болмысымызға тән қасиет болуы керек. Армандау, алға мақсат қою – өте дұрыс. Алайда қазіргі заман нақты іс-әрекеттің уақыты екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан елге пайдалы, болашаққа қажет істермен айналысу керек. Сөз жүзінде емес, іс жүзіндегі отаншылдық, яғни нағыз патриотизм дегеніміз – осы.

Қазір еліміз аса күрделі жолдың басында ғана тұр. Біз бір ел болып, бір-бірімізді қолдауымыз керек, ке-реалимаушылық, қызғаныш сияқты теріс әдеттерден арылған жөн. Қазақстанды күшті және дамыған озық ел ету – тек өз қолымызда. Оған біздің мүмкіндігіміз де, әлеуетіміз де жетеді: экономикамыз – орнықты, жеріміз – бөрекелі, жарқын болашаққа деген сеніміміз – зор, ал азаматтарымыз, өріне, өте дарынды және қабілетті.

«Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген. Біз ұлт ретінде биік белестерді бағындырамыз десек, ең алдымен, халқымыздың ауызбіршілігі мықты болуы керек, азаматтарымыз бірін-бірі сыйлап, құрметтеуі қажет. Бір елдің ішінде өмір сүріп, бір жерде тұрып, жанжалға, ұрыс-керіске жол беруге болмайды. Біреудің еңбегін жоққа шығару, не болмаса ой-пікірін келеке ету, басқа адамды қаралау – озық, өркеніетті қоғамға жат қылық, тіпті, ұят көріне, ондай әрекеттер үшін қоғам және заң алдында жауап беруге тура келеді.

Ғаламтор желісінде бір тақырыптан басталған талқылау бітпейтін пікірталасқа ұласып кетеді, тіпті, бұл құбылыс «аса қауіпті қоғамдық дерт» деген осындай түсінік, ұғым пайда болды. Мұндай дерттен құтылуымыз керек.

Құрметті қауым!

Мемлекетіміздің Егемендігі туралы декларацияның 35 жылдығы – еліміз үшін аса маңызды тарихи меже. Көптеген елдердің тарихына қарайтын болсақ, мұндай құжаттар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, ғасырлар бойы сақталады, азаматтық сана-сезімнің мызғымас негізі ретінде қызмет етеді. Сондықтан Егемендік туралы декларация, бұл – мемлекеттілігіміздің берік арқауы, халқымыздың жарқын болашаққа ұмтылысының айқын көрінісі.

Егемендігімізді жариялаған алғашқы күннен бастап мемлекеттілігімізді бекемдеп, халқымыздың әл-ауқатын арттыру жолынан айыған емеспіз. Бұл – ең дұрыс стратегия.

«Еңбек – берекенің бастауы» деп бекер айтылмаған. Біз адал бәсекеге қабілетті азаматтарға әрдайым құрмет көрсетіп, қолдауымыз керек. Жұмысшы мамандарын қадірлейтін қоғам құру маңызды. Елімізде қажырлы еңбегінің арқасында нағыз еңбек адамы атанған азаматтар өте көп.

Бүгін арамызда Мұрат Кеңесұлы Қаражұманов отыр. Ол 45 жылға жуық табанды еңбек етіп, ауыл шаруашылығын дамытуға зор үлес қосты. Майталман механизатор жас мамандарға жол көрсетіп, мол тәжірибесін бөлісуде. Бұл салада Қаражұмановтар әулетінің 30-дан астам өкілі жұмыс істейді. Олардың жалпы еңбек

өтілі 600 жылдан асады. Бүгін Мұрат Кеңесұлы Қаражұмановқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы шешім қабылданды.

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында адал еңбегімен Қазақстанның дамуына үлес қосып жүрген азаматтарды марапаттап жатырмыз.

Бүгінгі мерекеде біз Сергей Петрович Чернобайға құрмет көрсетеміз. Ол – еңбегі ерен кеңші, «Шахтер даңқы» белгісінің толық кавалері, отандық көмір өндірісінде аты аңызға айналған тұлға. Еңбеккерлер әулетінен шыққан азамат. Ата-анасы да, жұбайы да, тіпті балалары да өз тағдырын шын мәнінде батыл жандардың қолынан келетін кәсіппен байланыстырған. Өнегелі отбасының жалпы еңбек өтілі 150 жылдан асады. Бұл – жай ғана цифр емес, қажырлы еңбек пен кәсіби сабақтастықтың жылнамасы. Чернобайлар әулеті ел дамуына өлшесіз үлес қосып, өз ісіне адалдықтың және нағыз еңбекқор жандардың үлгіі боларына көміл сенемін. Сергей Петрович Чернобайға жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріледі.

Ортамызда Александр Анатольевич Касицин отыр. Ол – «Еңбек Даңқы» орденінің толық иегері, еңбек жолын қарапайым зоотехниктен бастап еліміздегі ең озық агроөнеркәсіп шаруашылықтарының бірінің басшысына дейін көтерілген айтулы маман «Галицкое» серіктестігі ауылды жаңғыртып, еңбеккерлерге қамқорлық көрсету арқылы керемет табысқа қол жеткізді. Ел алдындағы еңбегі үшін Александр Анатольевич Касицин «Отан» орденімен марапатталады.

Қазақстанның еңбек сіңірген журналисі Сергей Васильевич Харченко өз ісін жақсы көретін, Отанын шексіз сүйетін жан ретінде көпке үлгі. Белгілі қаламгер, парасатты басшы, дарынды ұстаз мемлекеттің өркендеуіне, отандық журналистиканың дамуына және ескеңге ұрпақты тәрбиелеуге зор үлес қосып келеді. Бүгін Сергей Васильевич Харченко І дәрежелі «Барыс» орденінің иегері атанды.

Әйгілі археолог Зейнолла Самашевтің есімі баршаңызға белгілі. Ол өркеніетіміздің төңдесіз қазынасы саналатын «Берел қорғанын» ашып, оны жан-жақты зерттеуге зор үлес қосты. Бұл жаңалық тарих ғылымын шын мәнінде жаңа деңгейге көтергені сөзсіз. Ал белгілі ғалым, картография зерттеушісі Мұхит-Ардагар Сыдықназаров төл тарихымызды түгендеуге атсалысып келеді. Ұлттық ғылымды өркендету, қисығын еңбегін ескере отырып, кіс ғалымға Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мемлекеттік сыйлықты табыстау туралы шешім қабылданды. Бүгін осы сыйлық алғаш рет беріледі.

І дәрежелі «Барыс» орденімен даңқты спортшы Шавкат Рахмонов марапатталады. Ол еліміздің атын шет мемлекеттерге танытып, мерейін үстем ету жолында тер төгіп жүр.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толды. Ассамблея – берекелі бірлігіміздің мызғымас нышаны, төңдесі жоқ бірегей құрылым. Оның мүшелері елдегі тұрақтылықты нығайту үшін аянбай еңбек етіп жүр. Ал қоғамдағы келісім мен ынтымақты күшейту – нағыз отаншылдық белгісі. Мен бүгін еліміздегі бірнеше этно-модни орталықтың өкіліне «Ел бірлігі» орденін табыстаймын.

Мәдениет – ұлттың рухани дербестігінің кепілі. Сондықтан біз өмірін өнер жолына арнаған қайраткерлерге әрдайым құрметпен қараймыз. Руханиятымызға ерекше еңбек сіңіргені үшін белгілі өнер майталмандары – Болат Әбділманов, Тамара-асар Жанқұл, Шынар Жанысбекова «Қазақстанның халық өртісі» атағына лайық деп танылды.

Сондай-ақ мәдениет саласын дамытуға зор үлес қосқаны үшін Нина Жмеренецкая, Бақыт Қажыбаев, Зарина Алтынбаева және Әйгерім Алтынбек «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге айрықша үлес қосып жатқан Иван Сауызге «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. Жоғары мемлекеттік марапаттарды халқымыздың шынайы ықыласы және сый-құрметі деп қабылдандыздар.

Бүгін әрбір облыста жүздеген лайықты азаматымыз менің Жарлығыммен жоғары мемлекеттік наградаммен марапатталады. Олардың еңбегіне зор ризашылығымды білдіремін.

Қадімгі қауым!

Еліміз үшін ұлт саулығын сақтайтын дәрігердің, саналы ұрпақ тәрбиелейтін ұстаздың, ауылдағы шаруа мен өндірістегі жұмысшының, яғни әрбір кәсіп иесінің еңбегі айрықша маңызды. Бұл – кез келген өркеніетті қоғамға тән мызғымас заңдылық. Бүгін мен ұлттық мерекеміз – Республика күні қарсаңында адал еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне атсалысып жатқан әрбір азаматқа шынайы алғысымды айтамын. Елдігіміз еңселі, егемендігіз баянды болсын! Көк туымыз мәңгі желбіресін! Баршаңызға амандық, табыс тілеймін!

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ҚАУЛЫ

ЖОБА

«Жалағаш ауданында коммунальдық қызметтерді қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадан №260 қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілген

30 қарашадан №260 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Жалағаш ауданында коммунальдық қызметтерді қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадан №260 қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілген қызметтерін қаулымен бекітілген Жалағаш ауданында коммунальдық қызметтерді қызметтерді ұсыну қағидаларында:

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бірыңғай төлем құкаты – коммунальдық және қосымша қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру үшін жасалған, төлем және (немесе) ақша аударымы негізінде немесе оның көмегімен жүзеге асырылатын электрондық нысанда қалыптастырылған құжат»;

мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) биллинг – абоненттерге қызметтерді қызметтерді есепке алу операцияларын автоматты түрде орындауға, сондай-ақ оларды тарифтеуге және ақы төлеу үшін шоттар беруге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен»;

1-2) бірыңғай есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – БЕО) – уәкілетті орган аймақшайтын жұмыс істей талаптары мен тәртібіне сәйкес бірыңғай төлем құжатын қалыптастыруды жүзеге асыратын және ақпараттық жүйелер негізінде коммунальдық қызметтерді қызметтерді берушілер мен коммунальдық қызметтерді қызметтерді тұтынушылар арасындағы өзара і-қимылды қамтамасыз ететін заңды тұлғалар»;

мынадай мазмұндағы 9-1) және 9-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«9-1) қаржы ұйымдары – қызметі «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңмен реттелетін банктер, сондай-ақ «Төлем ұйымдары және төлем жүйелері туралы» Заңға сәйкес қызметін жүзеге асыратын, БЕО-ның қаржы серіктестері болып табылатын, меншікті төлем құралдарын (касса, интернет-банкінг, мобилді қосымшалар, терминалдар және басқа да құралдар) пайдалана отырып, бірыңғай төлем құжаты негізінде тұтынушылардан төлемдерді қабылдайтын және алынған ақшалай қаражатты қызметтерді жеткізушілердің есеп шоттарына аударатын төлем ұйымдары»;

9-2) қосымша қызметтер – бұл коммунальдық қызметтер болып табылатын, бірақ жалпы қаулыға тұрғын қауымтасына етуге бағытталған және меншік иегері қоса алғанда, тұрғын үй қорын ұстаумен қызмет көрсетумен және пайдаланумен тікелей байланысты қызметтер»;

13) және 14) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«13) оумен жабдықтау – су ресурстарын жинауды, сақтауды, дайындауды, беруді және беруді қамтамасыз ететін і-шаралар жиынтығы»;

14) су беруі туралы қаржы қызметіне қатысты тасымалдау тасаруды және су беру жүйелері арқылы су объектілеріне, сарқынды суларды жинақтағыштарға немесе жергілікті жер бедеріне ағызуды қамтамасыз ететін і-шаралар жиынтығы»;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«15-1) транзиттік шот – транзиттік және өзі де қосымша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылатын, қызметін қаражатты тиісті қызметтерді көрсетушілердің есеп айырысу шоттарына кейіннен автоматтандырылған түрде бөлумен, бірыңғай төлем құжаты негізінде коммунальдық қызметтерді тұтынушылардан түсетін ақшалай қаражатты жинауға арналған арнайы банктік шот»;

мынадай мазмұндағы 18-1) және 18-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«18-1) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық нысандағы ақпаратты орталықтандырылған түрде жинау және сақтаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – Орталықтандырылған түрде жинаудың АҚ-сы) – бұл тұрғын үй қорын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты талдау және тұрғын үй қатынастары талдау және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың АҚ-сының саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін ТҚШ ақпараттарында объектілерін ақпаратты шоғырландыруды қамтамасыз ететін, мемлекеттік ақпараттық жүйе»;

18-2) тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жекелеген объектілерін ақпараттық жүйесіне қосылатын сектордағы жанғуру жөніндегі ұлттық жобаның тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы техникалық операторы ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға»;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«20) тұтынушы – коммунальдық және өзі де қосымша қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалану иеті бар және немесе заңды тұлға»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қосымша желісі арқылы коммунальдық қызметтер үшін тұтынушы мен коммунальдық қызметтерді жеткізуші арасында және (немесе) жария шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды»;

Меншік иелерінің бірлестіктері немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері коммунальдық қызметтерді жеткізушілермен (қызметтің әр түріне) ынтымақтастық туралы шарттар жасайды.

Мүлік иелерінің бірлестіктері немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері кондоминиум объектісін ортақ мүлкін күтіп-ұстауға сервисік қызмет субъектілерімен шарт жасайды.

Тікелей бірлескен басқару кезінде ынтымақтастық шарттары кондоминиум объектісін ортақ мүлкін күтіп-ұстауға коммунальдық қызметтер көрсететін ұйымдар және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың барлық меншік иелерімен немесе пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің көпшілігі арасында. Бұл ретте, пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің барлығы немесе көпшілігі шарттың бір тарабы ретінде өрекет етеді.

Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, коммунальдық қызметтерді қызметтерді ұсыну туралы жеткізуші мен тұтынушы арасындағы шарт қолданыстағы заңнамға қайшы келмеуі тиіс және белгісіз мерзімге жасалған болып саналмайды.

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Мүлкінің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтаушы, сондай-ақ кондоминиум объектісін ортақ меншік болып табылатын есепке алу аспаптарын қызметтерді қызметтерді ұстауды қамтамасыз ету үшін сервисік қызмет субъектісімен шарт жасасуы мүмкін»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Мүлкінің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері не пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың барлық иелері, сондай-ақ жасалған шарт негізінде кондоминиум объектісін ортақ мүлкін күтіп-ұстауға қатынастырушы субъектілерімен шарт жасайды, олардың қызметтерді жеткізушіге, оның өкілдеріне коммунальдық инженерлік жүйелерге, есепке алу аспаптарына, коммунальдық қалдықтарды орналастыру және сақтау орындарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді»;

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

«11-1) Жергілікті биліктің қызметтерін қамтамасыз етуге, тарифтердің сақталуын бақылауға, қателерді анықтауға, тұтынушылардың құқықтарын теріс пайдалануды болдырмауға және қорғауға бағытталған БЕО мен қызметтерді жеткізушілер ұсынатын ақпаратты жинау, өңдеу және талдау арқылы коммунальдық қызметтер үшін есеп айырысу мониторингін жүзеге асырады»;

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Мүлкінің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері не пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың барлық иелері кондоминиум объектісін жылту маусымына дайындық жұмыстарын «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілген 4-1) тармақшаларына сәйкес жеткізілген өкілдері органдар бекіткен жылту маусымына дайындық және оны өткізу қағидаларына сәйкес ұйымдастырады.

15. Мүлік меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе кондоминиум объектісін басқару субъектілері пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерін, тұтынушылардың коммунальдық қызметтерді жеткізушілеріне тиісінше көрсетілгені туралы және (немесе) үзіліспен көрсеткіні туралы фактілер бойынша хабарламаны қабылдайды, тиісті акті қалыптастыра отырып, жеткізушімен бірлесіп осындай фактіні салыстырып тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20-тармақ мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

«9) «ТҚШ бірыңғай платформасынан» бірыңғай төлем құжатының электрондық нұсқасын алады»;

10) қажет болған жағдайда қағаз түрінде төлем құжатын жеткізуді ұйымдастыруды БЕО жүзеге асырады. Бұл ретте, қағаз төлем құжаты тұтынушы қол жанынан қағаз түріндегі төлем құжатын алуға өтініш болған кезде жеткізіледі»;

21-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) БЕО-ға электрондық нысанда бірыңғай төлем құжатын қалыптастыру үшін тұтынушыға жасалған шарттар негізінде көрсетілген коммунальдық және қосымша қызметтер үшін қажетті ақпаратты ай сайын ұсынады»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) өзге тұтынушылардың талаптарын орындауға себептері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген себептері бойынша коммунальдық қызметтерді көрсетуден бас тартпайды және тұтынушыны коммунальдық қызметтерді алуға шектемейді»;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшалармен толықтырылсын:

«10) БЕО-ға берілген қызметтердің шынайылығы мен дұрыстығы үшін, оның ішінде тарифтерге, қызметтердің көлеміне, шарттардың талаптарына, есептеу аспаптарының деректеріне, тұтыну нормативтеріне және басқа да параметрлеріне сенімділік қоса алғанда тұтынушылар алдында жауапты болды. Сондай-ақ ол ақпаратты келісім-шарттармен және есеп құжаттарымен салыстырады, арифметикалық қателерді, қате күндер мен тарифтерді қоса алғанда, қателерді анықтайды және жоюды»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Тармақшалық көрсеткіні қызметтерге төлемдерді қабылдау жеткізушінің және (немесе) өкілдерінің банктер, төлем ұйымдары, сондай-ақ ақшалай қаражатты пошталық аударымдармен жүзеге асыратын пошта байланыс операторларының қассалары арқылы жүзеге асырылады»;

мынадай мазмұндағы 23-1, 23-2 және 23-3-тармақтармен толықтырылсын:

«23-1. БЕО бірыңғай төлем құжаты негізінде түскен ақшалай қаражатты тек қана қаржы ұйымдарының арнайы транзиттік шоттарында жинақтайды. Жеткізушілерге қаражат аудару тұтынушылардан нақты түскен төлемдер туралы деректер БЕО деректерін өңдегеннен кейін үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады»;

23-2. Екіші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар жеткізушілердің есеп шоттарына белігінеге дейін транзиттік шоттағы ақша қаражатының сақталуын қамтамасыз етеді.

23-3. Жеткізушілерге арнайы транзиттік шоттан ақша қаражаты уақыты аударылмаған жағдайда, есептеуді есептеу және төлеу, БЕО мен қаржы ұйымдары, оның ішінде деңгейдегі банктер және транзиттік шот ашылған банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында жасалатын есеп айырысу-қассалық қызметтерді көрсетуге арналған келісім-шарттардың шарттарымен айқындалады»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Коммуналдық қызметтің қызметтер үшін ақы төлеу мерзімі тұтынушы мен жеткізушінің арасындағы шартпен айқындалады, бұл ретте, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, төлем есептеуден кейінгі айдың жеткізудің бесінші күнінегісінегі жеткізіледі»;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Көптегілерді тұрғын үйдің ортақ мүлкін күтіп-ұстау үшін коммунальдық қызметтің қызметтер үшін төлемге қатысты мәселесі мүлкінің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе кондоминиум объектісін басқару субъектісі немесе коммунальдық қызметтің қызметтерді тікелей жеткізуші арқылы пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жиналысында шешіледі»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1-тарау. БЕО-ның талаптары мен жұмыс тәртібі

31-1. Жергілікті атқарушы органдар заңнаманың талаптарына сәйкес көпелік белгіленген өлшемшарттар негізінде, БЕО іріктеу жөніндегі комиссия ұйымдастырады

31-2. Өкімшілік-аумақтық бірлік аумағында қызметтің обьесі кеңістігі, оның қалаларын, аудандарын, аудандық маңызы бар қалаларын және ауылдық елді мекендерін қоса алғанда, жүзеге асыратын бір немесе бірнеше БЕО жергілікті атқарушы орган болып айқындалуы мүмкін. БЕО жеткізушілермен барлық себептермен тұтынушыға ұсынылатын бір төлем құжатына біріктіреді. БЕО-ның айқындалу қолданыстағы заңнамға сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады.

31-3. БЕО шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммунальдық кәсіпорындарды қоса алғанда, кәсіпкерлік қызмет субъектілері нысанында не заңнамда және жергілікті атқарушы органдардың шешімдерінде көзделген өзге де ұйымдар құқықтық нысанда құрылады.

31-4. БЕО абоненттердің дерекқорына қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, тұтынушылар үшін және қабілеттер ашады, жеткізушілерге есеп беруді қалыптастырады және ұсынады, ай сайын жоспарлы есептеулер мен нақты төлемдер туралы ақпаратты беруді жүзеге асырады, сондай-ақ «Орталықтандырылған түрде жинаудың АҚ-сының» информатциялық ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласындағы бірыңғай талаптарды сақтауды және Қазақстан Республикасының заңнамасына белгіленген ақпараттық қауіпсіздікті ескерте отырып, тұтынушылар туралы деректерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

31-5. БЕО жеткізуші ұсынған есеп, айырысу шоттары туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады.

31-6. БЕО биліктің жүйені пайдалануды не функцияларды белгілеген талаптарға сәйкес тиісінше орындауды қамтамасыз ететін қажетті бағдарламалық-техникалық құралдары мен білікті мамандары бар сыртқы ұйымды (биллингтік компанияны) тартады.

31-7. БЕО жеткізуші ұсынған ақпараттық және ұсынылған шоттардың сәйкестігіне толық жауапты болды.

31-8. Есептеулердің дұрыстығын жоспарлы ішкі тексерулер тоқсанна кемінде бір рет, жоспардан тыс тексерулер – тұтынушылардан немесе уәкілетті органдардан өтініштер келіп түскен кезде жүргізіледі.

31-9. Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда БЕО басқару жасайды:

1) анықталған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде бұзушылықтарды тіркеуі;

2) анықталған бұзушылықтарды негіздеі отырып, тиісті құрылымдық бөлімшелерге хабарлама жіберуі;

3) тиісті шотты түзетуге бастамашылық етуі.

31-10. БЕО жеткізуші ұсынған ақпараттық және ұсынылған шоттардың сәйкестігіне толық жауапты болды.

31-11. Барлық тексерулердің нәтижелері құжатпен ресімделуге және жеткізілетін күйнен бастап кемінде үш жыл бойы сақталуға тиіс.

31-12. БЕО-ға қойылған талаптарды анықталған жағдайларда тіркеу журналына және сәйкессіздік туралы актіні немесе ішкі қызметтік есепті ресімдеі отырып, сәйкессіздіктерді тіркеуі.

31-13. Барлық тексерулердің нәтижелері құжатпен ресімделуге және жеткізілетін күйнен бастап кемінде үш жыл бойы сақталуға тиіс.

31-14. БЕО қызметінің негізгілігінің бағалауы үшін сапа мен қызмет көрсетудің жоғары стандарттарына қол жеткізуге, есеп айырысу мерзімдері мен дәлдігін сақтауға, сондай-ақ тұтынушылардың қанағаттануына бағытталған бағдарлар белгіленеді.

2) нәтижелікті бағалау мынадай аспектілерді қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді:

а) қызмет көрсету сапасы және тұтынушылардың сауалдары мен шағындарына жауап беру уақыты;

б) пайдаланылатын технологиялық шешімдер мен ақпараттық жүйелердің тиімділігі;

в) деректер қауіпсіздігін және жүйенің істен шығуға төзімділігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

г) төлемдер, пайдаланылушылар саны және жұмыс тиімділігінің негізгі көрсеткіштері туралы жауап ақпарат;

д) жергілікті атқарушы органдардың және басқа да уәкілетті органдардың заңнамасына сәйкес қол жеткізілетін коммунальдық қызметтер бойынша берешек туралы ақпарат;

31-14. БЕО қызметінің негізгілігінің бағалауы:

1) БЕО қызметінің негізгілігінің бағалауы үшін сапа мен қызмет көрсетудің жоғары стандарттарына қол жеткізуге, есеп айырысу мерзімдері мен дәлдігін сақтауға, сондай-ақ тұтынушылардың қанағаттануына бағытталған бағдарлар белгіленеді.

2) нәтижелікті бағалау мынадай аспектілерді қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді:

а) қызмет көрсету сапасы және тұтынушылардың сауалдары мен шағындарына жауап беру уақыты;

б) пайдаланылатын технологиялық шешімдер мен ақпараттық жүйелердің тиімділігі;

в) деректер қауіпсіздігін және жүйенің істен шығуға төзімділігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

г) төлемдер, пайдаланылушылар саны және жұмыс тиімділігінің негізгі көрсеткіштері туралы жауап ақпарат;

д) жергілікті атқарушы органдардың және басқа да уәкілетті органдардың заңнамасына сәйкес қол жеткізілетін коммунальдық қызметтер бойынша берешек туралы ақпарат;

31-14. БЕО қызметінің негізгілігінің бағалауы:

1) БЕО қызметінің негізгілігінің бағалауы үшін сапа мен қызмет көрсетудің жоғары стандарттарына қол жеткізуге, есеп айырысу мерзімдері мен дәлдігін сақтауға, сондай-ақ тұтынушылардың қанағаттануына бағытталған бағдарлар белгіленеді.

2) нәтижелікті бағалау мынадай аспектілерді қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді:

а) қызмет көрсету сапасы және тұтынушылардың сауалдары мен шағындарына жауап беру уақыты;

б) пайдаланылатын технологиялық шешімдер мен ақпараттық жүйелердің тиімділігі;

в) деректер қауіпсіздігін және жүйенің істен шығуға төзімділігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

г) төлемдер, пайдаланылушылар саны және жұмыс тиімділігінің негізгі көрсеткіштері туралы жауап ақпарат;

д) жергілікті атқарушы органдардың және басқа да уәкілетті органдардың заңнамасына сәйкес қол жеткізілетін коммунальдық қызметтер бойынша берешек туралы ақпарат;

31-14. БЕО қызметінің негізгілігінің бағалауы:

1) БЕО қызметінің негізгілігінің бағалауы үшін сапа мен қызмет көрсетудің жоғары стандарттарына қол жеткізуге, есеп айырысу мерзімдері мен дәлдігін сақтауға, сондай-ақ тұтынушылардың қанағаттануына бағытталған бағдарлар белгіленеді.

2) нәтижелікті бағалау мынадай аспектілерді қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді:

а) қызмет көрсету сапасы және тұтынушылардың сауалдары мен шағындарына жауап беру уақыты;

б) пайдаланылатын технологиялық шешімдер мен ақпараттық жүйелердің тиімділігі;

в) деректер қауіпсіздігін және жүйенің істен шығуға төзімділігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

г) төлемдер, пайдаланылушылар саны және жұмыс тиімділігінің негізгі көрсеткіштері туралы жауап ақпарат;

д) жергілікті атқарушы органдардың және басқа да уәкілетті органдардың заңнамасына сәйкес қол жеткізілетін коммунальдық қызметтер бойынша берешек туралы ақпарат;

Жалағаш ауданының әкімі

А.Ибраимов

АКИМАТ ЖАЛАҒАШСКОГО РАЙОНА ПОСТАНОВЛЕНИЕ

ПРОЕКТ

О внесении изменений и дополнений в постановление акимата Жалағашского района от 30 ноября 2021 года № 260 «Об утверждении Правил предоставления коммунальных услуг в Жалағашском районе»

Акимат Жалағашского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Внести в постановление акимата Жалағашского района от 30 ноября 2021 года № 260 «Об утверждении Правил предоставления коммунальных услуг в Жалағашском районе» следующие изменения и дополнения:

в Правилах предоставления коммунальных услуг в Жалағашском районе, утвержденных указанным постановлением:

в пункте 2:

подпункт 1 изложить в следующей редакции:

«1) единый платежный документ – документ, составленный на бумажном носителе либо сформированный в электронной форме, на основании или с помощью которого осуществляется платеж и (или) перевод денег, составленный для осуществления оплаты коммунальных и дополнительных услуг»;

дополнить подпунктами 1-1) и 1-2) следующего содержания:

«1-1) биллинг – аппаратно-программный комплекс, предназначенный для автоматического выполнения операций учета услуг, предоставляемых абонентом, а также их тарификации и выставления счетов для оплаты»;

1-2) единый расчетный центр (далее – ЕРЦ) – юридическое лицо, соответствующее определяемым полномочиям органом требованиям и порядку работы, осуществляющие формирование единого платежного документа и обеспечивающие взаимодействие между поставщиками коммунальных услуг и потребителями коммунальных услуг на основе информационных систем»;

дополнить подпунктами 9-1) и 9-2) следующего содержания:

«9-1) финансовые организации – это банки, деятельность которых регулируется Законом «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», а также платежные организации, осуществляющие деятельность в соответствии с Законом «О платежных организациях и платежных системах», выступающие финансовыми партнерами ЕРЦ, принимающие платежи от потребителей на основе единого платежного документа с использованием собственных платежных инструментов (касс, интернет-банкинга, мобильных приложений, терминалов и других средств) и перечисляющие полученные денежные средства на расчетные счета поставщиков услуг»;

«9-2) дополнительные услуги – это услуги, не являющиеся коммунальными услугами, но непосредственно связанные с содержанием, обслуживанием и эксплуатацией жилого фонда, включая частные домоуправления, направленные на обеспечение комфортного и безопасного проживания»;

подпункты 13) и 14) изложить в следующей редакции:

«13) водоснабжение – совокупность мероприятий, обеспечивающих забор, хранение, подготовку, подачу и распределение водных ресурсов»;

14) водоотведение – совокупность мероприятий, обеспечивающих сбор, транспортировку, очистку и сброс сточных вод через системы водоотведения в водоемы, канализационные коллекторы, очистные сооружения и т.д.»;

дополнить подпунктом 15-1) следующего содержания:

«15-1) транзитный счет – это специальный банковский счет, открываемый в банке второго уровня или организации, осуществляющей отдельные виды банковских операций, предназначенный для аккумулирования денежных средств, поступающих от поставщиков коммунальных услуг на основе Единого платежного документа, с последующим автоматизированным распределением указанных средств на расчетные счета соответствующих поставщиков услуг»;

дополнить подпунктами 18-1) и 18-2) следующего содержания:

«18-1) информационная система централизованного сбора и хранения электронных информационных ресурсов в сфере жилищных отношений и жилищно-коммунального хозяйства (далее – ИС централизованного сбора) – это государственная информационная система, обеспечивающая консолидацию электронных информационных ресурсов с объектов информатизации ЖКХ для анализа жилищно-коммунального хозяйства и осуществления государственного регулирования в сфере жилищных отношений и жилищно-коммунального хозяйства»;

18-2) технический оператор в сфере жилищных отношений и жилищно-коммунального хозяйства – юридическое лицо со стопроцентным участием государства в уставном капитале, определенное Правительством Республики Казахстан в качестве технического оператора в сфере жилищных отношений и жилищно-коммунального хозяйства национального проекта по модернизации энергетического и коммунального хозяйства»;

подпункт 20) изложить в следующей редакции:

«20) поставщик коммунальных услуг – это юридическое лицо, пользующееся или намеревающееся пользоваться коммунальными и иными дополнительными услугами»;

пункт 4 изложить в следующей редакции:

«4. По коммунальным услугам – через присоединенную сеть между поставщиком и поставщиком коммунальных услуг заключаются индивидуальные и (или) публичные договоры в соответствии с законодательством Республики Казахстан»;

Объединения собственников имущества или субъекты управления объектом кондоминиума заключают договоры сотрудничества с поставщиками коммунальных услуг (на каждый вид услуги).

Бөлімдегі бір күн

Жыл бойы науқас үзілмейді

Жұма. Таңғы сағат 8:00 шамасы. Аудандық аурухананың қабылдау бөліміне келдік. Есіктен еңгенімді байқаған аға мейіргер мені жылы шыраймен қарсы алып, бүгінгі әріптесім бөлім дәрігері Арай Ерназаровамен таныстырды. Жұмыс уақыты басталғанына көп болмаса да мұндағы ақхалаттылар өз міндеттеріне белсене кірісіп кеткен. Жұмысқа деген жауапкершіліктен болар, ұйқысын аша алмай жүрген ешкімді байқамайсың, керісінше бәрі әр науқастың ем-шарасын жасап, көңілін тауып жүр.

Арай Қайырбекқызы жұмыс күнін ең алдымен жиналыстан бастады. Түнгі кезекшілікте болған әріптестері арқылы бөлімнің түнгі тыныс-тіршілігінен хабардар болған ол әр науқастың жағдайын жігі тексеріп, палаталарды бірге аралап шығуды ұсынды. Бөлім дәрігерінің айтуынша, мұнда 1 аға мейіргер, 15 мейіргер, 7 кіші аяжан мен 4 жүргізуші тәулік бойы халыққа қызмет етеді. Мұнда 2 қарқынды емдеу палатасы бар. Біреуі – жүкті әйелдерге, екіншісі – қосымша сырқаты бар науқастарға арналған. Бұл екі палата қажетті барлық құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген. Бір тәулікте 15 науқасқа қызмет көрсете алатын бөлімде 3 бақылау палатасы бар. Олар ерлер мен әйелдерге, балаларға арналған. Мұнан бөлек, 5 төсек орны бар уақытша емдеу палатасы да қарастырылған. Бұл жақта науқастар өздерінің сырқаты бойынша қарайтын дәрігерлер келгенше ем алып, кейін қажетті бөлімге ауысады.

— Мұнда ересектер көбіне қан қысымы көтеріліп, жүрек ауруы сынды дертпен, артериялық гипертензиямен шағымданып келеді. Ал балалар көбіне тұмаумен түседі. Кейде алғашқы ем-шараны өткізгеннен кейін науқастың жағдайы жақсарып, оларды толық тексерістен өткізгеннен кейін үйіне қайтарамыз. Біздің басты міндетіміз — ауруы асқынған шұғыл және жоспарлы түрде келген науқастарды ауруханаға орналастыру, — дейді дәрігер Арай Ерназарова.

Айта кетейік бөлімге жыл басынан бері 4425 науқас түскен. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі бала — 1237, 854 — 15-17 жас аралығындағы жасөспірім. Түрлі деңгейде жарақатымен 700 науқас түссе, оның 80-ге жуығы жол-көлік апатынан жарақат алған. Мұнан бөлек дәрігер бөлімде қанғаша иттерден зардап шегіп түскен науқастардың да барын айтады. Сөзіне сүйенсек, аптасына 10 шақты науқас ит тістеу диагнозы бойынша бөлімге түседі. Сондай-ақ аттан құлап ауыр жарақат алғандар да жиі келеді. Жақын арада бөлімге көкпал ойыны барысында екі аттың ортасында қысылып қалып, басына зақым келген жас жігіт түскен.

Арай Қайырбекқызы әріптестерінің біліктілігімен науқасқа дер кезінде шұғыл көмек көрсетіліп, ауруханаға жатқызылғанын, кейін оны облыстық ауруханаға ауыстырғандарын айтады.

Сұхбатымызды мейіргердің «дәрігер, шұғыл көмек қажет» деген дабылы бұзды. Барсақ, жас ана баласының жиі құсып жатқанын айты. Дәрігер дереу баланы қарап, алғашқы көмек көрсетуге кірісті. Баласының жай-күйіне алаңдаған анаға қарап, дәрігердің білікті маман екенін айтып «қуайымдамаңыз, балаңыз қазір тұйыр болады» деп тыныштандыруға тырыстық. Балаға алғашқы көмек көрсетілгеннен кейін науқас жайында толық ақпараттар жинақталып, алғашқы талдау қорытындылары алынды. Бөлім дәрігерінің сөзіне сүйенсек бала астан уланған.

— Бұндай науқас бірінші рет түсіп тұрған немесе көбінесе кішкентай балалар астан немесе деріден уланып, мұрынына және құлағына қандай да бір зат салып жіберіп жиі түседі. Әсіресе үйде тұрған әртүрлі дәрілерді ата-анасына айтап, дәмін татып көргісі келіп ішетін жағдайлар жиі орын алады. Бірі ересектерге арналған қан қысымын түсіретін дәріні ішіп қойса, енді бірі сағаттың кішкентай тоғыз жұтып қойып немесе кішкене моншақты мұрынына салып жіберіп жатады. Әріне мұның барлығы ең алдымен ата-аналардың балаларға ұстауға болмайтын заттарды қолжетімді жерге қоянынан орын алып отыр. Сондықтан біз үнемі ата-аналарға «балаларыңызға сақ болыңыздар, оларды бір минутқа да көзден таса қалдырмаңыздар» деп жиі айтып отырамыз. Бет аулақ, бірақ баланы қараусыз қалдырған кей жағдайдың соны қайғылы жағдаймен аяқталуы мүмкін. Жаңа ғана түскен бөлімге түскен бала анасының айтуынша, көше шамадан тыс фас-фуд өнімін жеген. Бала түнімен мазасызданып, бірнеше рет құсқан соң анасы жедел жәрдем шақырып, осында алып келіпті. Кішкентай науқасымызға алғашқы көмек көрсетіліп, қажетті ем-шара жүргізілді. Әзірге бір аптадай әріптестеріміз бақылауында болады, — дейді дәрігер.



Сағат тілі 11:15-ті көрсетіп тұр. Әріптесім Арай Ерназарова кезекті 13-ші науқасын қабылдауда. Айтуынша, бөлімге егде жастағы әже қан қысымы диагнозы бойынша түсуде. Мұнан бөлек, тұмау сырқатымен де түсіп жатқан бірнеше баланы көзіміз шалды. «Қазір балалар арасында тұмау өрішіп тұр ау» деген болжамымызды дәрігерде жоққа шығармады. Айтуынша, қазір бұл дерт балалар арасында деңдеп барады. Ауру өсіресе балабақша жасындағы балалар арасында асқынған. Себебі олардың имунитеті әлсіз болғандықтан ауруды тез жұқтырып алады. Бұл ретте мамандар бала толық дерттен айыққаннан кейін ғана оны балабақшаға жіберу керектігін айты. Мәселен, бөлімде өткізген бір күнімізде бүгін мұнда 40 науқас түсті. Оның 12-сі тұмау сырқатымен түскен балалар. Сондықтан да бүгінгі әріптесіміз дертті деңдетпей алдын алу керектігін тілге тиек етті.

Ие, бұл бөлім жылдың 12 айында тәулік бойы дертіне шипа іздеген науқастарды қа-

былдап, сырқатынан сауықтырады. Себебі мұндағы мамандар уақытпен санаспай, аптаның сенбі, жексенбі күндері де науқастың жағдайына байланысты бөлімнен табылады. Мамандыққа адалдық деген осы шығар, сіре! Бөлімде өткізген бір күніміз жиналыспен қорытындыланды. Таңғы 8:00-ден кешкі 18:00-ге дейін бөлімге 40 науқас түсті. Оның 6-ы бөлімге жоспарлы түрде келсе, 34-і шұғыл түскен науқастар. Олардың 19-ы балалар, 4-еуі жүкті аналар. Сондай-ақ 24-і ауруханаға жатқызылып, 7-іне алғашқы көмек көрсетіліп, ем-шара жүргізілгеннен кейін үйіне шығарылды. Біз де бүгінгі әріптестеріміздің әр науқастың саулығы үшін күрескен ерөн еңбектеріне ризашылығымызды білдіріп, түнгі кезекшілікті келесі мейіргерлерге табыстап, «түн тыныш өтсін» деп тілектестік білдіріп қайттық.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Маман мерейі

Алғыс арқалаған абзал жан

Асылзат Әбілдаева медицина саласында 10 жылға жуық тәжірибесі бар білікті маман. Есі білгеннен дәрігер болуды армандаған ол Ақтөбе қаласындағы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің «жалпы медицина» факультеті бойынша оқып, «жалпы тәжірибелі дәрігер» саласы бойынша интернатурадан өткен. Бүгінде ол аудандық емханада жалпы тәжірибелі дәрігер болып еңбек етуде.

Асылзат Нұрханқызы — қазіргі таңда №2 аймақ тұрғындарының жауапты дәрігері, аймағында 1960 тұрғын бар. Оның 861-і ересектер болса, 106-сы жасөспірімдер, ал 615-і балалар. Ол тұрғындарды жылда скринингтік талдау, флюорографиялық тексеруге шақырып, жас ерекшеліктеріне қарай маммографиялық тексеруден өткізіп отыратынын жеткізді. Кейіпкеріміз күніге 30-дан аса тұрғынды қабылдайды. Оның 20-сы реттілікпен қабылдана, қалғаны кезек күттірімейтін ауыр жағдайдағы науқастар. Біз барған күні де кейіпкеріміз аймақ тұрғындарын қабылдап жатыр екен. Кейіпкеріміздің «алдымда қаншама адам бар, күте тұрыңыз» деген сөзінен-ақ оның науқастардың саулығын бәрінен жоғары қоятынын аңғардық. Мұнан бөлек, сөзімізге тұрғындардың кейіпкеріміз жайлы айтқан жылы пікірі дәлел. Бірі беймезгіл уақытта баласы мазасызданып жылағанда дәрігердің уақытпен санаспай баласын тексеріп бергенін айтса, енді бірі көп кезек күттірімей порталмен ауруханада жатып ем алуына кейіпкеріміздің көп көмегі тигенін айтты. Әне-міне дегенше қабылдауға келген тұрғындарды шығарып салған дәрігермен екеуара еңгілеміз басталды. Ол еңгімесін алдына келген тұрғындарға қашан да көмек көрсетуге дайын екенімен бастады.

— Жасыратыны жоқ, кей тұрғындар денсаулығына нұмқурайы қарап, уақытты тексерілмейді. Сол үшін көше аралап, тұрғындардың уақытылы тексеруден өтуіне жүйелі түрде жұмыс жасап келеміз. Мұнан бөлек, жаңа туған нәрестелер мен егде жастағы қарт кісілерге, диспансерлік есепте тұратын науқастар мен ерекше қолдауды қажет ететін балаларға да арнайы барып хал-жағдайын біліп, тексеріп тұрамыз. Қазір тұрғындардың көбі қаңқасымыз, қант диабеті, бауыр, бүйрек, жүректің ишемиялық аурулары, арте-



риальді гипертензия сынды сырық түрімен ауырады. Осы тұста науқастарға тегін дәрі-дәрмек таратып, аурудың алдын алу шараларын жүргізудеміз. Қазіргі кезде балалар көбіне тұмау және қаназдықпен жиі ауырады. Мұнан бөлек, қант диабетімен де ауыратын балалар көп. Бұл диагноз жыл сайын балалар арасында артуда. Жалпы біз ауруды емдеп қана қоймай, оның алдын алуға тырысамыз. Сол үшін тұрғындарды тексерістен өткізуге жиі шақырамыз, — дейді дәрігер Асылзат Нұрханқызы. Кейіпкеріміздің сөзінің жаны бар. Қазір ауру жас таңдамайды. Бұрын «қант диабеті» диагнозына көбіне үлкен кісілер

шалдығатын. Ал қазір бұл дерт балалар арасында да белең алған. Білікті маман бұл сырқат балаларда көбіне тұқым қуалау салдарынан кездесетінін айтады. Сондай-ақ анасының құрсағында жатқанда болатын өзгерістермен байланыстырады. Расында, дені сау ананың — баласы да сау. Дәрігер осы ретте жас келіншектерге жүктелікті жоспарлап, денсаулығын толық тексерістен өткізуге кеңес берді. Мұндағы мақсат — жүктілік болмай тұрып, ананың бойында қандай да бір сырқат түрінің бар-жоғын анықтап, алдын ала тексеру. Сол үшін «мен жүктілікті жоспарлаймын» деп келген жас аналарға бірнеше талдау

қорытындысына тегін жолдама беріледі. Бұл жұмыстар бүгінде жемісін беріп үлгерген. Қазіргі таңда бұл аймақта жыл басынан бері 28 ана дүниеге дені сау ұрпақ әкелген.

Дәрігер Асылзатпен қатар №2 аймақта Айнур Шімірқожа, Манзура Есмахан, Дәмегул Жоласушы сынды мейібан мейірбикелер аудан тұрғындарының саулығы үшін күндіз-түні қызмет етуде. Жергілікті тұрғындарға дәрігерлік қызмет көрсетуде өзінің білімі мен біліктілігін, тәжірибелі маман екенін бірнеше мәрте дәлелдеген кейіпкеріміз — өз уәдесесіндегі тұрғындардың ризашылығына бөленіп, алғыс аркалап жүрген ақхалатты абзал жан.

— Жоғары да айтып өткенімдей дәрігердің кеңесіне құлақ аспайтын науқастар да бар. Кез келген адам жылына бір рет тексеруден өтуі керек. Шындығында, денсаулық ең алдымен әр адамның өзіне керек. Сондықтан үнемі салауатты өмір салтын ұстанып, дәрігерге қаралудан қашпаған жөн. Осыдан бірнеше жыл бұрын аймағымыздағы бір жүкті әйел қан қысымы диагнозымен ауырды. Күнделікті мейіргерлері барып тексеріп, жағдайын бақылап тұрды. Бір күні жағдайын білуге өзім бардым. Барсам, әйел күні жетіп отырған әйел ісініп, қан қысымы көтеріліп отыр екен. Оған өзінің де өмірге келгелі тұрған сәбиінің де саулығы үшін мәнімен бірге перзентханаға бару керектігін түсіндіріп айттым. Алайда ол бас тартып, бармайтынын жеткізді. Сонда да оны көндіріп дерт кезінде перзентхана бөліміне әкелдім. Бөлімдегі әріптестеріміз айтуынша әйел мұнда дерт кезінде келген. Егер мен сол сәтте науқасты «ие, мейлі өзіңіз біліңіз» деп үйіне тастап кетсем баладан немесе анадан айрылып қалар едік. Шүкір, қазір сол ана қабылдауыма келген сайын «сенің арқанда баламды аман-есем босанып, құшағыма бастым» деп алғысын жаудырып жатады, — дейді білікті маман.

Саналы ғұмырын денсаулық саласымен ұштастырып, халыққа көмек көрсетуде аудан тұрғындарының алғысына бөленіп жүрген ақхалатты абзал жан алдына келген науқасты тек тексеріп қана қоймай, толық емделіп шығуы үшін қолынан келген көмекті аямайды. Жағдайы ауыр науқастарды қажетті ем алуы үшін күндізгі бөлім немесе арнайы порталмен ауруханаларға жатқызып, аяққа тік тұруын бастауына назарда ұстайды. Бүгінге дейін ол жемісті еңбегін үшін бірнеше мәрте аудан өкіміні алғыс хатымен және «Жалын» жастар сыйлығымен марапатталған.

Жұмыс күні халықтың алғысымен аяқталатын кейіпкеріміз антына адал болу үшін адам өмірін бәрінен жоғары қойып, аудандағы ағайынның денсаулығын жақсартуда ерөн еңбек ете бермек.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Аудандық аурухананың қабылдау бөлімінде күн сайын 50-ге жуық адамға алғашқы медициналық көмек көрсетіледі. Бұл – дәрігерлердің кәсіби шеберлігі мен мейірімді медбикелердің еңбегінің жемісі. Солардың бірі – Гүлжазира Ержанова, өз ісіне адал, он жылдық тәжірибесі бар мейірбике. Бүгінгі сұхбатта ол өз мамандығының қиын да қызықты сәттерімен бөлісті.

Ізгі мейіргер



— Менен бір сынып жоғары оқыған бөлем бар еді. Мен 9-сыныпта жүргенде ол Түркістан медициналық колледжіне оқуға түскен болатын. Ауылға әр келген сайын оқу жайлы қызықты сәттерін жатақханадағы көңілді өмірін айтып отыратын. Сол кезде менің де студенттік өмірге деген қызығушылығым оянып, медицина саласына бет бұрғым келді. Бастапқыда бұл ойымды ата-анам айтпады. Олар «11-ші сыныпты тәмамдап барып, ойлаңып көресің» деп жүргенде мен өз бетімше шешім қабылдап мектеп директорынан кәсіптің, құжаттарымды алдым. Осылайша Қызылорда қаласындағы медициналық колледжіге құжат тапсырып, емтиханнан сәтті өттім. Төрт жыл бойы «Фельдшер-емдеу ісі» мамандығы бойынша білім алып, бүгінде өз таңдаған жолымда абыроймен еңбек етіп келемің, — дейді қабылдау бөлімінің мейіргері.

Қабылдау бөлімінің жоспарлы емдеуге жатқызу бюросына жауапты медбике болып қызмет атқаратын Гүлжазира Ержанқызы өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Ол тек құжат қабылдау немесе емдеуге жатқызу жұмысымен ғана шектелмейді. Науқастарға шұғыл көмек көрсету, алғашқы ем-шараларды ұйымдастыру, дәрігерлерге көмек беру сынды қызметті жан-жақты атқарады.

— Танертен сағат 7.45-те біз өз ауысымымызды қабылдаймыз. Арнайы медициналық формаларды киіп, алдымен бөлімшені аралап шығамыз. Ондағы әрбір науқастың диагнозы, ем қабылдау барысы мен жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат аламыз. Қабылдау бөлімінде бақылауда жатқан науқастардың шағымдарын ауруханаға қандай себеппен түскенін анықтаймыз. Одан кейін дәстүрлі бес минуттық жиналыс өтеді. Онда кешегі және бүгінгі күннің жұмысы талқыланып, күн тәртібіндегі маңызды мәселелер мен ескертулер айтылады. Жиналыстан соң алгоритм бойынша оқу сабағы өткізіледі. Осыдан кейін тікелей жұмысымызға кірісеміз. Күні бойы жаңа пациенттер келіп жатады. Менің негізгі міндетім — жоспарлы түрде емделуге келген науқастарды қабылдау, олардың құжаттарын рәсімдеу және тиісті бөлімге орналастыру. Бұл — ұқыптылық пен жоғары жауапкершілікті қажет ететін жұмыс, — дейді кейіпкеріміз.

Медбике жұмысы — тек кәсіби міндет емес, ол — мейірім мен төзімділікті талап ететін еңбек. Ақ халатты абзал жан әрбір науқастың жағдайын түсініп, жылы сөзбен демеу беруге тырысады. Сол себепті де әріптестері арасында да үлкен құрметке ие.

— Қазір бұрынғыдай емес, медицина саласы жыл сайын жаңарып келеді. Қабылдау бөліміне келген пациенттердің уақытын үнемдеу үшін заманауи құрал-жабдықтар көп көмегін тигізеді. Бұрын бәрін қолмен өлшеп, жазып отыратынбыз, ал бүгін жаңа технологиялар жұмыс сапасын едәуір жаңылды. Мысалы, бір науқастың жағдайын бір сәтте анықтай аламыз. Монитор қосамыз жүрек соғысы, қан қысымы мен дене температурасы әл-сәтте экранда көрсетіледі. Мұндай құрылғылар уақыт үнемдеп қана қоймай, науқастың нақты жағдайын тез бағалауға мүмкіндік береді. Заманауи техника біздің сенімді көмекшімізге айналды. Бірақ ең бастысы — маманның тәжірибесі мен жүрек жылуы. Қандай құрылғы болса да, адам жанына ем болу үшін алдымен мейірім мен жауапкершілік қажет, — дейді медицина қызметкері.

Адам өмірінде денсаулықтың орны ерекше. Сұхбат барысында сол денсаулықты сақтауда медбикелердің еңбегі айрықша екенін аңғарып үлгердік.

— Қабылдау бөлімінде әр күн әр түрлі. Мұнда еңбектеген баладаң, еңкейген қарияға дейін келіп жатады. Кейде бір мезетте 7-8 науқас қатар түсетін сәттер болады. Ондай сәтте әр секунд қымбат. Біз бәріне дер кезінде көмек беруге тырысамыз. Көбіне жүрек-қан тамырлары ауруымен келетіндер көп. Кейде аяқ-қолын сындырып алған адамдар да жеткізіледі. Тіпті жүкті әйелдерге де алғашқы көмек көрсетеміз. Соңғы аптада өсіресе балалар арасында тұмау жиілеп тұр. Осындай қарбалас кезде әріптестердің бір-біріне деген қолдауы ерекше сезіледі. Бізде «жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген қағида бар. Бір кезекшіге қарап отырмаймыз, бәріміз бір кісідей атсалысамыз, — дейді Гүлжазира Ержанқызы.

Бүгінгі таңда медицина саласында Triage жүйесімен жұмыс жасайды. Жалағаш аудандық ауруханасының қабылдау бөлімінде болған сәтте байқағанымыз — мұнда төртін пен жүйелілік айқын сезіледі. Әр медбике өз орнында, әр науқас өз кезегімен қабылданады. Тәжірибелі мейірбике бізге де бұл жүйені қалай жұмыс істейтінін түсіндірді. Алдымен пациенттің тынысы, дене температурасы секілді қажетті көрсеткіштер өлшенеді. Нәтижесіне қарай түспен белгіленеді. Триаждың басты артықшылығы — уақыт үнемдеу мен өмір сақтап қалу. Егер науқастың жағдайы ауыр болса, ол бірден «қызыл аймаққа» жіберіледі, онда дәрігерлер мен медбикелер шұғыл көмек көрсетеді. Орташа ауыртпалықтағы пациенттер «сары аймаққа», ал жеңіл шағыммен келгендер «жасыл аймаққа» жіктеледі. Жаңа жүйе енгізілгенді бері жұмыстың қарқыны да, сапасы да артқан.

— Қабылдау бөлімінде әр сағат қозғалыс. Мысалы, бүгінгі жоспарлы түрде қабылданған науқастардың саны — 6 адам, ал жедел — 25 науқас. Бұл сіздер келгенге дейінгі, шамамен 15:30-ға дейінгі мөлімет. 31 пациенттің шағымы тыңдалып, тиісті бөлімдерге бағытталды, — дейді білікті мейіргер.

Бар білімін бір салаға арнап келе жатырған мейіргер Гүлжазираның еңбегі орасан. Ол — өз ісін шын сүйетін, талай жанның сауығып кетуіне себепкер болған білікті маман. Еңбек жолын медицина саласында бастаған сәттен бастап қарбалас қабылдау бөлімінің жауаптылығын сезініп, адал қызмет етіп келеді. Бүгінде ол — екі ұл мен бір қыздың ардақты анасы, отбасына да, қоғамға да өз үлесін қосып жүрген жан. Осындай білімді мамандардың еңбегі — қоғам саулығының кепілі десек артық айтқандық емес. Бір сәтке тыныштық орнағанды көрінгенімен, дәліз әр жағынан келесі жедел шақыртудың дауысы естілді. Мейірбикелер үшін бұл — қалыпты жағдай, күнделікті өмір ырағы. Гүлжазира Ержанқызы да әдеттегідей әр сәт маңызды өз қызметіне кірісіп кетті.

Гүлжан ЕСЖАН

Газетіміздің келесі саны 29 қазан, сәрсенбі күні шығады

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сәйсебі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1820

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ